1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

шарттарының бірі болып табылады, өйткені салықтар арқылы осы тығыз байланыс жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің салық жүйелеріне шолу, Н.Т. Мамбеталиевтің редакциясымен. - Мәскеу, 2019, 194-бет.
2. Андропова О.А., Изряднова О.И., Казакова М.В. Ресейдің қазіргі салық жүйесі: негізгі қағидағдары, реформалар және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі // Экономикалық қатынастар. – 2020. – 10-том. – № 4. – 1365-1386-бет. – DOI: 10.18334/eo.10.4.110920.
3. Қазақстан Республикасының салық қызметінің қалыптасу жылнамасы. Жан Бекесов. // <https://nalogikz.kz/docs/letopis-stanovleniya-nalogovoy-sluzhby-rk.html>
4. Kozyrin A.N. (2017) Forms of Systematization of Tax Legislation. Pravo. Zhurnal Vyssheyshkoly ekonomiki, no 4, pp. 73-82 (ағылшын тілінде) DOI: 10.17323/2072-8166.2017.4.73.82
5. Салықтар және салық салу. Оқулық / Майбуров И.А. редакциясымен. – М.: Юнити, 2019. – 480 б.
6. Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. <https://inbusiness.kz/ru/news/>

УДК (336.74)

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ»

Улгасбаева Айгерим Алтай кызы

ulgasbaeva04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, «Қаржы» 6В04114 мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – э.ғ.к., профессор Мажитов Д.

Қазіргі уақытта нарықтағы субъектілер арасындағы есеп айырысу процестері экономикада маңызды рөл атқарады. Есеп айырысу процестері экономикалық байланыстарды реттеуге, бизнестік операцияларды тиімді түрде жүргізуге, қаржылық тұрақтылықты сақтауға, яғни қамтамасыз етуге бағытталған. Тауарға, көрсетілген қызмет түрлеріне немесе міндеттемелерін өтеуде ақша қаражаттары немесе актив түрі арқылы есеп айырысу процесі «төлем» деп аталады. Жалпы есеп айырысу процесі төлем түрінде қаржылық ұйымдар арқылы жүргізіледі. Төлем түрлерінің сенімді әрі жылдам жүргізілуіне «төлем жүйесі» жауапты [1].

Төлем жүйесі – шаруашылық субъектілер арасындағы және қаржылық институттар арасындағы есеп айырысу процесіне қатысты құралдар, әдістер мен нормативтік-құқықтық актілердің жиынтығы. Бірінші шаруашылық (жеке немесе заңды тұлға болуы мүмкін) субъектіден екінші субъектіге қаржылық институт (банк) арқылы ақшаның аударылуы төлем жүйесінің негізгі процестерінің бірі болып табылады [1, 86 б.].

Қазақстан Республикасы төлем жүйесін 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастап дамыту қолға алынып, реформалауға көшіп, нәтижесінде банкаралық есеп айырысулар орталықтандырылды. 2021 жылы төлем құралдарын зерттеу, дамыту және енгізумен айналысатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімімен «Төлем және қаржы технологияларын дамыту орталығы» (ТҚТДО) АҚ құрылды. Ұйыммен 2021 жылы «цифрлық теңге» жобасын енгізудің тұжырымдамалық зерттеу (Proof of Concept) жұмыстары жүргізілді. 2023 жылы Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (ҚБЕО) қайта құрылып, ҚР Ұлттық Банкінің шешімімен «Ұлттық төлем корпорациясы» (ҰТК) АҚ ретінде қызметі жалғасты [2].

Қазақстан Республикасының төлем жүйесі 2 негізгі түрге бөлінеді: көтерме төлем жүйесі (банкаралық ақша аудару жүйесі) және бөлшек төлем жүйесі (Сурет 1).




Сурет 1 – Қазақстан Республикасының төлем жүйесі құрылымы
Ескерту – [1, 114 б.] дереккөзі негізінде автормен жасалған

Көтерме төлем жүйесі (банкаралық ақша аудару жүйесі, БААЖ) – үлкен сомадағы төлемдерді жылдам әрі нақты уақыт режимінде өңдейтін жүйе. Бұл жүйе қаржылық ұйымдар мен мемлекет арасында үлкен сомада ақша аударымдарын жылдам жүзеге асыруға мүмкіндік береді. RTGS арқылы әр транзакция жеке өңделіп, кері қайтарылмайды [3].

Банкаралық клиринг жүйесі (БКЖ) – таза (нетто) есеп айырысу негізінде жүзеге асырылатын бөлшек төлемдерге арналған жүйе. Таза (нетто) есеп айырысу негізінде болғандықтан төлемдер жеке өңделмейді. Банкаралық клиринг жүйесі қызметі процесінде төлемдер жинақталады, кейіннен клирингтік жүйе әр банк үшін төлемдерді есептейді [3].

2022-2024 жылдар аралығындағы деректер мен көрсеткіштер талдау арқылы Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің даму үрдісін анықтауға болады. (Сурет 4).



Сурет 2 – 2022-2024 жж. Қазақстан Республикасында төлем жүйелері бойынша транзакциялар көлемі мен саны динамикасы
Ескерту – [4-6] дереккөзі негізінде автормен жасалған

2022 жылы ҚР төлем жүйелері бойынша транзакциялар көлемі 787,2 трлн теңгені құрады. Төлем құралдары кеңінен қолданыла бастағандықтан, 2022 жылы 65,5 млн төлем жасалды. 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда төлемдер көлемі 24,53%-ға (193,1 трлн теңгеге) өсіп, 980,3 трлн теңгеге жетті. Ал, төлем саны 2023 жылы 2022 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда, 12,5%-ға өсті, 73,7 млн-ды құрады. 2022 жылы ҚР Ұлттық Банкімен және Ұлттық төлем корпорациясы шешімімен төлем карточкаларының банкаралық жүйесі (ТКБЖ) мен жедел төлем жүйесі (ЖТЖ) іске қосылуы өсімге әсер етті [12,14]. Ақша аударымдарын төлем нөмірі арқылы жүзеге асыру жүйесіне 9 екінші деңгейлі банк және «Қазпошта» қатысушы болып танылды.

2024 жылы 1487,4 трлн теңге сомасында 87,8 млн транзакция жасалды. Төлем көлемі көрсеткіші 2023 жылмен салыстырғанда 51,73%-ға (507,1 трлн теңгеге) артып, төлем саны

2024 жылы 2023 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда, 19,1%-ға өсті. Банктердің онлайн сервисінің сапасының артуы, халықтың төлем операцияларын және ақша аудару процестерін жеңілдетті және сенімділігін арттырды. Оған дәлел, 2024 жылы орташа есеппен күніне 35,2 млн бірлік көлемінде төлем операциялары қолма-қолсыз есепте жасалған. Транзакциялардың жалпы көлемі 453,6 млрд теңгеге тең болды (орташа есеппен бір күндік статистика). Шамамен алғанда, әрбір транзакция сомасы 12 930 теңгені құрайды.

2022-2024 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасында БААЖ және БКЖ арқылы жасалған транзакциялар көлемі тұрақты өсімді көрсетеді (Кесте 1).

Кесте 1 – 2022-2024 жж. Қазақстан Республикасында БААЖ және БКЖ арқылы жасалған транзакциялар көлемі

Көрсеткіш атауы	2022 ж.		2023 ж.		2024 ж.		Өсім қарқыны			
	трлн теңге	%-бен үлесі	трлн теңге	%-бен үлесі	трлн теңге	%-бен үлесі	2022-2023		2023-2024	
							+;-	%	+;-	%
БКЖ	10,3	1,31	11	1,12	11,9	0,8	0,7	6,80	0,9	8,18
БААЖ	776,9	98,69	969,3	98,88	1476	99,2	192,4	24,77	506,2	52,22
Барлығы	787,2		980,3		1487		193,1	24,53	507,1	51,73

Ескерту – [4-6] дереккөзі негізінде автормен жасалған

Қазақстан Республикасында банкаралық клиринг жүйесінен (БКЖ) бойынша 2022 жылы аударымдар көлемі 10,3 трлн теңгеге, төлем саны 43,7 млн бірлікке тең болды. Бір күнде орташа есеппен БКЖ арқылы 42 млрд теңге көлемінде аударымдар жасалды. Ал, бір күндегі төлем саны 177,8 мың бірлікті құрады. Көрсеткіштер мәні БКЖ-не сұраныстың жоғары екенін көрсетеді. 2023 жылы БКЖ транзакциялары 2022 жылмен салыстырғанда 6,8%-ға артып (0,7 трлн теңгеге), 11 трлн теңгені құрады. Төлем саны 2022 жылмен салыстырғанда 4,5 млн транзакцияға (10,3%-ға) артып, 48,2 млн бірлікке тең болды. Күніне шамамен орташа есеппен БКЖ бойынша жалпы транзакциялар сомасы 44,9 млрд теңгеге тең болды. Ал, төлем саны бір күндік орташа есеппен 196,8 мың транзакцияны құрады.

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 8,18%-ға (0,9 трлн теңгеге) өсіп, 11,9 трлн теңге көлемінде транзакциялар жасалды. 2024 жылы транзакция саны 57,1 млн бірлікке тең болды, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 8,9 млн транзакцияға (18,5%-ға) өскенін көрсетеді. Орташа есеппен 2024 жылы күніне 229,5 мың бірлік көлемінде төлем операциялары БКЖ есебінде жасалған. Транзакциялардың жалпы көлемі 47,6 млрд теңгеге тең болды (орташа есеппен бір күндік статистика).

Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің басым бөлігі банкаралық ақша аудару жүйесіне (БААЖ) тиесілі. Қазақстан Республикасында БААЖ бойынша 2022 жылы транзакциялар сомасы 776,9 трлн теңгеге тең болды, жалпы құрылымның 98,69%-ы үлесін құрады. Төлем саны 21,8 млн бірлікке тең болды. Бір күнде орташа есеппен БААЖ арқылы 3,2 трлн теңге көлемінде аударымдар жасалды. Ал, бір күндегі төлем саны 88,6 мың бірлікті құрады.

2023 жылы БААЖ транзакциялары 2022 жылмен салыстырғанда 24,77%-ға артып (192,4 трлн теңгеге), 969,3 трлн теңгені құрады. БААЖ бойынша жалпы төлемдер саны 2022 жылмен салыстырғанда 3,7 млн транзакцияға (17%-ға) артып, 25,5 млн транзакцияға тең болды. Күніне шамамен орташа есеппен БААЖ бойынша жалпы транзакциялар сомасы 4 трлн теңгеге тең, ал төлем саны бір күндік орташа есеппен 104,1 мың транзакцияны құрады.

2024 жылы БААЖ бойынша транзакциялар 2023 жылмен салыстырғанда 52,22%-ға артып (506,2 трлн теңгеге), 1 475,5 трлн теңгеге, транзакциялар саны 30,6 млн бірлікке жетті. 2023 жылмен салыстырғанда 5,1 млн транзакцияға (20,1%-ға) өскенін көрсетеді. Күн сайын орта есеппен 123,1 мың төлем операциясы жасалды, олардың жалпы сомасы 5,9 трлн

теңгені құрады. 2023 жылмен салыстырғанда орташа бір күндік төлем сомасы 1,9 трлн теңгеге (49,8%-ға), төлем саны 19 мың бірлікке (18,2%-ға) артқан. БААЖ динамикасының тұрақты түрде өсуін, банкаралық ақша аудару жүйесі арқылы ірі сомадағы төлемдерді (мемлекеттік, корпоративтік және т.б.) жүргізудегі банктік клиенттердің сенімділігінің артқанын айқындайды. БААЖ арқылы жүргізілетін төлем операциялар құрылымы оның белсенділік деңгейін анықтайды. 2024 жылғы деректерге сүйене отырып, (БААЖ) бойынша ақша аударымдарының құрылымы қаржы нарығының дамуымен, инвестиция көлемімен және сыртқы сауда белсенділігімен тығыз байланысты екенін көруге болады (Сурет 5).



Сурет 5 – ҚР-ның 2024 жыл бойынша банкаралық ақша аударымдары жүйесінің (БААЖ) құрылымы

Ескерту – [6] дереккөзі негізінде автормен жасалған

2024 жылы БААЖ құрылымының басым бөлігін банкаралық қысқа мерзімді салымдар бойынша операциялар (43,4%) және Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздармен операциялар (34%) құрады.

Банкаралық қысқа мерзімді салымдар бойынша операцияларға БААЖ құрылымының 640,4 трлн теңге құрайтын ең көп бөлігі (43,4%-ы) тиесілі. Банктер қысқа мерзімге бір-біріне қаражат орналастыру арқылы өздерінің қаржылық жағдайын тұрақтандырады және тәуекелдерді тиімді басқарады. Банкаралық қысқа мерзімді салымдар бойынша операциялардың БААЖ-нің көп бөлігін құрауы коммерциялық банктердің өтімділікті басқаруға деген сұраныстың артуына, ҚР-дағы ЕДБ арасындағы банкаралық несиелендіру нарығының белсенділігін жоғары болуына, қаржылық тұрақтылықты сақтау шараларының жоғары сапасына байланысты. Сегмент көлеміне Ұлттық Банктің жүргізетін ақша-несие саясаты да әсер етеді.


Қазақстан резиденттерінің бағалы қағаздарымен операциялар БААЖ құрылымының 34%-ын құрайды, яғни 501,7 трлн теңге көлемінде операциялар жасалған. Елдегі инвестициялық белсенділіктің дамуымен байланысты жоғарғы үлеске ие болып табылады. Мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелердің көбі ірі төлемде жүргізілетіндіктен БААЖ жүйесі арқылы іске асырылады. БААЖ құрылымының бұл бөлігі банктердің, елдегі инвестициялық компаниялардың, бағалы қағаздармен жасалатын операцияларын қамтиды. Қазақстандағы қор нарығында (KASE) компаниялардың жаңа акция, облигация санының өсуі, ішкі инвесторлардың белсенділігі БААЖ өсіміне әсер етеді.

2022-2024 жылдар аралығындағы БКЖ төлем операциялары мен төлемдер санының артуы банкаралық төлемдердің, қолма-қолсыз есеп айырысудың және цифрлы банкінгтің дамуының нәтижесі. Ал БААЖ бойынша өсім ірі есеп айырысулардың жоғары деңгейін, банктердің өтімді активтерінің жеткіліктілігін және мемлекеттік жобаларды қаржыландырудың әсерін көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы халықаралық ақша аудару жүйесі (ХААЖ) – шетелге жіберілген және шетелден жіберілген ақша қаражаттарын қамтитын және өңдейтін жүйе түрі. ХААЖ халықаралық төлем жүйелері мен құралдары арқылы жүргізіледі. SWIFT,

Золотая корона, Western Union, MoneyGram сияқты халықаралық төлем жүйелері Қазақстандағы халықаралық төлем операциялары жүзеге асырылады.

2022-2024 жылдар аралығында Қазақстандағы халықаралық ақша аударымдары жыл сайын өзгеріске ұшырады. Оған бірнеше факторлар әсер етті, мысалы жаһандық экономикалық өзгерістер, көші-қон процестері мен еңбек мигранттарының болуы (Сурет 6).



Сурет 6 – ҚР-ның 2022-2024 жылдар аралығындағы халықаралық ақша аударымдары динамикасы, млрд теңге

Ескерту – [7-9] дереккөзі негізінде автормен жасалған

2022 жылы Қазақстан Республикасының халықаралық ақша аударымдарының көлемі 1 715,7 млрд теңгені құрады. Халықаралық ақша аударымдарының 1034,5 млрд теңгесі (60,3%-ы) шетелге жіберілді. Шетелге жіберілген ақша аударымдары бойынша ең үлкен үлестер: Грузияға 70,9 млрд теңге (6,9%-ы), Қырғызстанға 73,9 млрд теңге (7,14%-ы), Ресейге 193,4 млрд теңге (18,7%-ы), Түркияға 271,9 млрд теңге (24,3%-ы), Өзбекстанға 290 млрд теңге (28%-ы) тиесілі. Көрсеткіштің жоғарғы үлесі елдер арасындағы тығыз экономикалық байланысты білдіреді. 2022 жылы шетелден жалпы 681,2 млрд теңге (39,7%-ы) ақша алынды. 2022 жылы шетелден алынған аударымдар бойынша топ елдерге жатады: Оңтүстік Корея 39,8 млрд теңге (5,8%-ы), АҚШ 44,6 млрд теңге (6,5%-ы), Өзбекстан 53,6 млрд теңге (7,9%-ы), Қырғызстан 94,6 млрд теңге (13,9%-ы), Ресей 360 млрд теңге (52,9%-ы).

2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 26,14% (448,5 млрд теңгеге) төмендеп 1267,2 млрд теңгені құрады. Оның ішінде шетелге жіберілген ақша аударымдар саны 7,17% кеміп, 961,4 млрд теңгені құрады. Төмендеуінің себептері сыртқы экономикалық өзгерістер мен саяси жағдайларға байланысты. 2023 жылғы жалпы ХААЖ құрылымының шетелге жіберілген ақша аударымдар көрсеткіші 75,9%-ын (961,4 млрд теңге) құрайды. Шамамен 769,12 млрд теңге (80%-ды) көлеміндегі аударымдар «Золотая корона» жүйесі арқылы жасалды. Шетелге жіберілген ақша аударымдары бойынша ең үлкен үлестер: Қырғызстанға 31,2 млрд теңге (3,4%-ы), Грузияға 92,3 млрд теңге (9,6%-ы), Түркияға 211,7 млрд теңге (23,1%-ы), Ресейге 230 млрд теңге (25,1%-ы), Өзбекстанға 252 млрд теңге (27,5%-ы) тиесілі. ХААЖ бойынша ҚР-нан шетелге ақша аударымдарын жіберу, осы елдер арасындағы саудасаттық және инвестициялық байланыс, еңбек мигранттарымен тікелей байланысты.

2023 жылы шетелден алынған ақша қаражаттарының көлемі ХААЖ құрылымының 24,1%-ын, яғни 305,8 млрд теңгені құрады. 2022 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 55,11%-ға төмендеген. Айырбас бағамының өзгеруі сияқты факторлар әсер етті. «Золотая корона» және «Western Union» халықаралық төлем жүйелері арқылы операциялардың басым бөлігі жасалды. 2023 жылы шетелден алынған аударымдар бойынша топ елдерге жатады: Түркия 19,6 млрд теңге (6,4%-ы), Оңтүстік Корея 32,7 млрд теңге (10,7%-ы), Өзбекстан 33,6 млрд теңге (11%-ы), АҚШ 33,6 млрд теңге (11%-ы), Ресей 108 млрд теңге (35,3%-ы).

2024 жылы да төмендеу үрдісі байқалды, 2023 жылмен салыстырғанда 19,06%-ға азайып (241,5 млрд теңгеге), 1025,7 млрд теңгені құрады. Халықаралық ақша аудару жүйесінің Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша аударымдар үлесі 788,9 млрд теңгені (77%-ды) құрады. 2023 жылмен салыстырғанда шетелге жасалған транзакция көлемі 17,94%-ға кеміген. Жалпы бұл транзакциялардың 83%-ы «Золотая корона» халықаралық төлем жүйесі арқылы жасалған.

2024 жылы Қазақстаннан аударымдар жасалған топ елдер құрамы: Қырғызстанға 29,2 млрд теңге (3,7%-ы), Грузияға 53,6 млрд теңге (6,8%-ы), Түркияға 156,2 млрд теңге (19,8%-ы), Ресейге 232 млрд теңге (29,4%-ы), Өзбекстанға 234,3 млрд теңге (29,7%-ы) тиесілі.

2024 жылы шетелден алынған ақша қаражаттарының көлемі ХААЖ құрылымының 23%-ын, яғни 236,8 млрд теңгені құрады. 2023 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 22,56%-ға төмендеген. Шетелден Қазақстанға 2024 жыл жіберілген ақша аударымдар саны бойынша көп үлесті алатындар елдер: Түркия 19,6 млрд теңге (8,6%-ы), Өзбекстан 33,6 млрд теңге (10%-ы), Оңтүстік Корея 33,6 млрд теңге (10,3%-ы), АҚШ 33,6 млрд теңге (13,7%-ы), Ресей 108 млрд теңге (26,1%-ы). Шетелден ақша қаражаттары әртүрлі мақсаттарда Қазақстанға жіберіледі. Көбінесе отбасын қолдау немесе білім алу бойынша шығындарды өтеуге байланысты. Одан бөлек, инвестиция жасау немесе сату-сатып алу процесінде қолданылады.

Халықаралық ақша аударымдарының 2022-2024 жылдар аралығындағы динамикасын талдау арқылы шетелге жіберілетін және шетелден аударылатын ақша қаражаттар көлемінің төмендеу үрдісі анықталды. ХААЖ өзгерісіне Қазақстандағы ішкі төлем жүйелерінің өзгерістері, жаһандық экономикалық өзгерістер, саяси және геосаяси жағдайлар, көші-қон процестері мен еңбек мигранттарының болу сияқты факторлар әсер етеді. ХААЖ жүйесі арқылы ақша аударымдар жасау банктік шоттың болуын міндеттемейді. Көбінесе, халықаралық ақша аударымдары жеке тұлғалар арасында өтеусіз ақша жіберумен байланысты, яғни жақындарына қаржылай көмек көрсету мақсатында жиі қолданылады.

Қазақстандағы төлем жүйесінің тиімділігін арттыру үшін бірқатар шараларды қолға алу қажет. Біріншіден, цифрлық төлем құралдарын дамыту маңызды. Цифрлық теңге жобасын жеделдетіп енгізу еліміздегі төлем жүйесін жаңа деңгейге көтеріп, халықтың қаржылық қызметтерді пайдалануын жеңілдетеді. Цифрлық теңгенің енгізілуі, тек төлем жүйелерінің жылдамдығын арттырып қана қоймай, сонымен қатар киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге, мемлекеттік бақылауды күшейтуге және заңды төлемдер көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, экономиканың көлеңкелі секторын азайтуға ықпал етеді.

Екіншіден, төлем жүйелерінің қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керек. Қазіргі таңда киберқатерлердің көбеюі төлем жүйелерінің тұрақтылығына қатер төндіруде. Сондықтан, киберқауіпсіздік шараларын күшейту, сондай-ақ қолданушылардың деректерін қорғау төлем жүйелеріне деген сенімді арттырады. Бұл мақсатта халықаралық тәжірибелерді қолдану, оның ішінде Жапония, АҚШ және Еуроодақ елдерінің төлем қауіпсіздігі жүйелерін зерттеп, озық технологияларды енгізу қажет. Сонымен қатар, жүйелерді тұрақты түрде жаңартып, оларға жаңа қауіп-қатерлерге жауап беру үшін жасанды интеллект пен блокчейн технологияларын енгізу өте тиімді болады.

Бұдан бөлек, банктер мен қаржылық ұйымдар арасында төлем жүйесінің тиімділігін арттыру үшін қолма-қолсыз төлемдер жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Қолма-қолсыз төлемдер, әсіресе мобильді қосымшалар мен онлайн төлем платформалары арқылы жүзеге асырылатын төлемдер, өздерінің қолайлылығы мен жылдамдығы арқасында халық арасында кеңінен таралып келеді. Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру, төлем мәдениетін қалыптастыру арқылы қолма-қолсыз төлемдердің үлесін арттыруға болады. Әлеуметтік желілер мен мобильді банкингтің әсерін пайдалану арқылы халықты білім беру іс-шараларын жүргізу қажет.

Қазақстанның төлем жүйелерінің халықаралық стандарттарға сәйкес дамуы да маңызды. Бұл халықаралық транзакциялардың тиімділігін арттырып, Қазақстанды халықаралық қаржы нарығында бәсекеге қабілетті етеді. Сонымен қатар, Қазақстанның төлем жүйесінің халықаралық деңгейге шығуы, әлемдік нарықтағы бизнес операцияларының жылдамдығын және сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Қазақстан Ұлттық Банкі халықаралық төлем жүйелерімен интеграциялану үшін белсенді түрде жұмыс істеуде, бұл болашақта шетелдік инвесторлардың Қазақстан экономикасына қызығушылығын арттырады. Осы шараларды жүзеге асыру арқылы Қазақстанның төлем жүйесі әлемдік деңгейге сай дамып, экономика мен қаржы секторын нығайтуға өз үлесін қосады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейтқасымов Ғ.С. Банк ісі: Оқулық /Жалпы ред. басқ. Ғ.С.Сейтқасымов. 3-басылым, толықтырылған және қайта өзгертілген. – Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2017. – 528 б.
2. «Қазақстан Республикасының төлем корпорациясы» ресми сайты. Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің тарихы <https://npck.kz/kk/tarih/>
3. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ресми сайты. «Ұлттық төлем жүйелері» <https://www.nationalbank.kz/kz/page/payment-systems>
4. 2022 жылғы Қазақстан Республикасында төлем жүйелері бойынша транзакциялар көлемі мен саны
5. 2023 жылғы Қазақстан Республикасында төлем жүйелері бойынша транзакциялар көлемі мен саны
6. 2024 жылғы Қазақстан Республикасында төлем жүйелері бойынша транзакциялар көлемі мен саны
7. 2022 жылғы Қазақстан Республикасының халықаралық ақша аударымдары
8. 2023 жылғы Қазақстан Республикасының халықаралық ақша аударымдары
9. 2024 жылғы Қазақстан Республикасының халықаралық ақша аударымдары

УДК 336.763

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ЭМИССИИ И РАЗМЕЩЕНИЯ ЦЕННЫХ БУМАГ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННЫМИ ОРГАНИЗАЦИЯМИ

Шаймерденова З.Ж.

магистрант 1-го курса ОП «Финансы»

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: z1503shaimerden@gmail.com

Научный руководитель Жоламанова М.Т., к.э.н., профессор

Андатпа: Бұл мақалада Ресейдегі, Қытайдағы және Түркиядағы квазимемлекеттік құрылымдардың бағалы қағаздарды шығару және орналастыру тәжірибесін талдау қарастырылады. Капиталды тарту мақсаттары, құқықтық реттеудің ерекшеліктері және негізгі компаниялардың мысалдары қарастырылады. Ресейде "Газпром" сияқты мемлекет қатысатын ірі корпорациялардың облигациялық қарыздарына баса назар аударылады. Қытайда нарықтық тетіктердің стратегиялық секторлардағы мемлекеттік бақылаумен үйлесуі баса айтылған. Түркияда егеменді TVF қоры мен реттеуші органдардың рөлі қарастырылды. Зерттеу квазимемлекеттік құрылымдардың экономикалық өсу үшін ресурстарды қалай тиімді жұмылдыратынын көрсетеді.

Аннотация: В данной статье рассматривается анализ практик эмиссии и размещения ценных бумаг квазигосударственными структурами в России, Китае и Турции. Рассматриваются цели привлечения капитала, особенности правового регулирования и примеры ключевых компаний. В России акцент делается на облигационные заимствования